



"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейбітшілік және прогресс мемлекеттік сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 сәуір N 432

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейбітшілік және прогресс мемлекеттік сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейбітшілік және прогресс мемлекеттік сыйлығы туралы

Осы Заңмен демократия мен әлеуметтік прогресті дамытуға, бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықты нығайтуға ерекше үлес қосқан адамдарды Қазақстан Республикасы Президентінің көтермелеуімен байланысты қатынастар реттеледі.

1 - б а п

1. Осы Заңмен "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Z000083_ 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Отан алдында сіңірген ерекше еңбегін атап көрсету үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейбітшілік және прогресс мемлекеттік сыйлығы (бұдан әрі - Мемлекеттік сыйлық) тағайындалады.

2. Мемлекеттік сыйлықты Қазақстан Республикасының Президенті жыл сайын Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетел азаматтарына:

демократия мен әлеуметтік прогресті дамытқаны үшін;
бейбітшілік пен достықты, халықтар арасындағы өзара сенімді, мемлекетаралық қатынастарда теңдік пен бірдей қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған белсенді қызметі үшін ;

қоғамдық және ұлтаралық келісімді бекітуге, Республиканың көпұлтты халқының бірлігін нығайтуға қосқан ерекше үлесі үшін;

Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тарихи дәстүрлерін құрметтеуді қалыптастыратын мәні терең публицистикалық шығармалар үшін берілетін болады.

3. Мемлекеттік сыйлық отандық, халықаралық және шетелдік ұйымдарға берілуі мүмкін .

2 - б а п

1. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған адамдарға "Қазақстан

Республикасының Тұңғыш Президенті Бейбітшілік және прогресс мемлекеттік сыйлығының лауреаты" атағы беріледі, диплом, өңіршелік белгі және куәлік тапсырылады.

2. Мемлекеттік сыйлықты Қазақстан Республикасының Президенті салтанатты жағдайда тапсырады.

3-бап

Мемлекеттік сыйлық бір мезгілде бірнеше үміткерге берілуі мүмкін, мұндай жағдайда оның ақшалай бөлігі олардың арасында тең бөлінеді. Мемлекеттік сыйлықты қайталап беруге рұқсат етілмейді.

4-бап

Мемлекеттік сыйлыққа үміткерлерді ұсыну құқығына:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілістерінің комитеттері;

Қазақстан Республикасының Үкіметі;

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар;

Облыстар, Алматы, Астана қалаларының әкімдері;

Отандық, шетелдік және халықаралық ұйымдар ие.

5-бап

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейбітшілік және прогресс мемлекеттік сыйлығы туралы ережені, сыйлық саны мен мөлшерін, сондай-ақ оны беру жөніндегі комиссияның дербес құрамын Республика Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейбітшілік және

прогресс мемлекеттік сыйлығы лауреатының дипломының, өңірше белгісінің және куәлігінің сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президентімен келісім бойынша Республика Үкіметі бекітеді.

6-бап

Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.